


ЖАҢАЛЫҚТАР

Каспийде жел айдап әкеткен қайықта болған үш адам құтқарылған

29 қыркүйек 2026 жыл, 10:15



Каспий теңізіндегі іздеу-құтқару операциясы. Маңғыстау облысы, 24 қыркүйек, 2026 жыл.

29 қыркүйекке қараған түні Маңғыстау облысы Түпқараған ауданында Каспий теңізіне қатты жел айдап әкеткен үрмелі қайықта болған үш адам құтқарылған.

Төтенше жағдайлар министрлігінің хабарлауынша, түнде ауа райы күрт нашарлап, қатты жел тұрған. Оның екпіні үш адам мінген үрмелі қайықты ашық теңізге қарай ағызып әкеткен.

ТЖМ құтқарушылары жедел іздестіру шаралары барысында теңізден қайықты тауып, үш адамды аман-есен жағаға жеткізген. Олар медициналық көмекке мұқтаж болған жоқ деп хабарлады төтенше жағдай қызметі. Министрлік жұртқа

судағы қауіпсіздік ережелері талабын сақтауды, қатты жел кезінде суға жүзу қауіпті екенін ескертті.



Маңғыстау облысында құтқарушылар жағадан алыстап кеткен үш адамды тапты

Өткен түнде Түпқараған ауданындағы Каспий теңізінің жағалауында қатты желдің салдарынан үш адам отырған үрлемелі қайық ашық теңізге ағып кеткен.

Оларды іздеуге ТЖМ күштері дереу шықты.

Құтқарушылар жоғалған адамдарды тауып, жағалауға жеткізді. Медициналық көмек қажет болған жоқ.

ТЖМ ескертеді: жел күшейген кезде суға шықпаңыздар және қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар.

[@emergovkz](#) / [t.me](#) / [insta](#) / [tiktok](#) / [youtube](#)

В Мангистауской области спасатели нашли трёх человек, которых унесло в открытое море

Минувшей ночью на побережье Каспийского моря в Тупкараганском районе из-за сильного ветра надувную лодку с тремя людьми унесло в открытое море.

На поиски незамедлительно выдвинулись силы МЧС.

Спасатели обнаружили пропавших

24 қыркүйекте Маңғыстау облысында Каспий теңізіндегі әскери-теңіз жаттығулары кезінде ауа райы нашарлап, жел күшейіп, теңізде жағалауға жақын тұста қайықтан теңізге түскен 17 әскери қызметкердің 14-і суға батып қаза болған.

Бейбіт заманда 14 сарбаздың қазаға ұшырауы Қазақстан қоғамында резонанс туғызып, қорғаныс министрі Дәурен Қосанов **қызметінен кетті**. Көп адамның қазасына себеп болған оқиғаға байланысты қылмыстық іс қозғалып, әскери-теңіз күштерінің бірнеше лауазымды офицері күдікті ретінде **ұсталды**. Билік әскери салаға кешенді тексеру жүргізілетінін **жариялады**.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- "Жай ғана посты өшіре салшы, өтінемін". Каспийдегі апаттан соң сын жазғандар жазбаларын өшірген
- Каспийдегі қайғылы әскери жаттығу: 19 қалай 17-ге айналды?
- Министрді алмастыру қорғаныс саласындағы мәселелерді шеше ала ма?
- "Жауапсыздық, салғырттық, көзбояушылық". Тоқаев әскердегі олқылықтарды мойындады
- Каспийдегі әскери жаттығуда 12 сарбаз қаза тапты. 25 қыркүйек – елде аза тұту күні

Айдар

- ЖАҢАЛЫҚТАР
- ЖАЛПЫ АРХИВ